Адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық иелері 2

Бастысы – өндіріс қажеттілігін қамтамасыз ету 3

Эмбинские транспортники улучшают процессы 4

Мейірімді жандар – арамызда 6

# Ембі тынысы

№15 (55)
тамыз
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

***БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:***
***Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.***

## Құрметті құрылыс және көлік салаларының қызметкерлері мен ардагерлері!

***Сіздерді келе жатқан кәсіби мерекелеріңіз – Қазақстан Республикасының құрылысшылар күнімен және көлік жүргізушілер күнімен шын жүректен құттықтаймын!***



Құрылыс индустриясы — экономиканың негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күш-қуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы құрылыс саласының дамуымен тікелей байланысты. Мемлекеттің қолдауымен Тәуелсіздік жылдары елімізде құрылыс саласын дамытуға барынша жағдай жасалды. Отандық құрылыс индустриясы қанат жайып, құрылыс материалдарын шығаратын өндіріс орындары көбейді. Мұның барлығында да құрылысшылардың қолтаңбасы бар.

«Ембімұнайгаз» АҚ–на қарасты кен алаңдарында құрылыс жұмыстары қарқынды жүруде. Атап айтсақ, мұнай кен орындарын жабдықтау, мұнай құбырларын қайта жаңғырту, өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық нысандарды қайта жаңғырту мен күрделі құрылыс жұмыстарын жүргізумен айналысатын сала мамандарының табысты еңбектері ерекше құрметке ие. Өйткені, өнім өндіру мен тапсыру жоспарының тұрақты орындалуы құрылыс жұмыстарына тікелей байланысты.

Егемен мемлекетіміздің дамуы мен гүлденуіне көлік саласы қызметкерлерінің де қосқан үлесі елеулі. Мемлекет басшысы көлік саласын отандық экономиканың күретамырына балап, оны дамытуға айрықша көңіл бөледі. Компаниямызда бұл бағытта жүйелі жұмыс атқарылуда. Жұмысшылар тасымалы жұмысы сіздердің еңбектеріңіздің арқасында жыл өткен сайын жақсарып келеді. Әсіресе, қазіргі күрделі кезеңде қызметкерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауда жүйелі жұмыстар қолға алынды.

Адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық иелері – Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, денсаулықтарыңызға саулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

*Ізгі тілекпен,*
*Есен Қайыржан,*
*«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы.*

## Құрметті әріптестер!

Баршаңызды «Ембімұнайгаз» АҚ-ның корпоративті «Ембі тынысы» газетінің қайтадан қағаз жүзінде шығып, басылымның ембілік оқырмандармен қайта қауышуымен құттықтаймыз!

Өздеріңізге белгілі, ағымдағы жылдың сәуір айынан бастап корпоративті басылымымыздың электронды нұсқасы қолдарыңызға тиіп келген болатын.

Осы аралықта қазіргі пандемия жағдайына байланысты Басқарма басшылығының үндеулерін, Ембі өңірінде қолға алынып жатқан тың бастамалар мен маңызды жобаларды әрбір мұнайшыға жеткізуді мақсат еткен «Ембі тынысы» газетінің 8 электронды саны жарыққа шығып, ақпараттық-танымдық бағыттағы материалдар топтамасы жедел ұйымдастырылып келді.

Енді газет қайтадан қағаз түрінде таралады. Ембі өңірінің өндірістік-әлеуметтік бағыттағы жағымды жаңалықтары, бағындырған жаңа белестері, әріптестеріміздің өнерлі қырлары және тағы басқа тақырыптар «Ембі тынысы» газетінде кең көрініс табады деген ойдамыз.

Ал газеттің бүгінгі саны еріктілер қызметі тақырыбына арналып отыр. Қазіргі әлемді шарлаған пандемияның күрделі кезеңінде мемлекетке еріктілер көмекке келуде. Осындай белсенді азаматтар біздің арамызда да бар. Біз сіздермен мақтанамыз!

## Құрметті ембіліктер!

Ұжымішілік байланысты нығайтатын тиімді құралдың бірі - «Ембі тынысы» газетінің тұрақты шығуы. Бұл орайда, корпоративті басылым сіз бен компания басшылығы арасын жалғайтын алтын көпір болады деген үміттеміз.

*Құрметпен,*
*Редакциялық кеңес алқасы.*

# «ҚазМұнайГаз» өзінің міндеттемелерін мұқият орындайды – Алик Айдарбаев




2020 жылғы 22 шілдеде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев Атырау облысына жұмыс сапарымен барды. Өңір басшысы Махамбет Досмұхамбетовпен кездесуі барысында аймақтағы ҚМГ кәсіпорындарының эпидемиологиялық ахуалын, сондай-ақ коронавирус індетімен күрес аясында көрсетіліп жатқан демеушілік көмек мәселелерін талқылады.

- Атырау өңіріндегі біздің еншілес кәсіпорындар облыс әкімдігімен өзара ынтымақтаса отырып, халыққа және медициналық мекемелерге көмек көрсету үшін қомақты қаражат бөлуде. Мысалы, «Ембімұнайгаз» кәсіпорны 300 млн теңге бөлді. Бұл қаражатқа медициналық құрал-жабдық пен дәрі-дәрмек, сонымен қатар карантиндік станционарларға азық-түлік, тұрмыстық техника, гигиеналық заттар және жеке қорғаныс құралдары сатып алынды. Қазіргі қысылтаяң шақта жан-жақты көмек көрсету – әркімнің борышы деп білеміз, – деді А. Айдарбаев.

Сондай-ақ, ҚМГ басшысы өңірдегі еншілес компаниялар басшыларының қатысуымен селекторлық жиналыс өткізді. Жиналыста ағымдағы қызметтің, дағдарысқа қарсы стратегияның іске асырылу, пандемиямен күрестің және санитарлық-эпидемиологиялық шаралардың қатаң орындалуы мәселелері талқыланды. Алик Айдарбаев коронавирус инфекциясы мен пневмониядан қайтыс болған қызметкерлердің отбасыларына және туған-туыстарына көңіл айтып, науқастанған әріптестеріне тезірек сауығып кетуін тіледі.

ҚМГ Басқарма төрағасы Атырау мұнай өңдеу зауытына да барып, жоспарлы жөндеу жұмыстарының барысымен танысты және АМӨЗ жанында мемлекеттік-жекешелік әріптестік қағидаты бойынша құрылған жаңа медициналық орталықты қарап шықты. Заманауи медициналық жабдықпен жабдықталған медициналық орталықта зауыт қызметкерлері кәсіпорын аумағынан шықпай-ақ білікті медициналық көмек ала алады. Орталықта оқшаулау аумағы бар екенін ерекше атап өткен жөн. Бұл жерге Covid-19 белгілері анықталатын қызметкерлер бірден жіберілетін болады.

А. Айдарбаев зауыт басшылығының назарын Атырау қаласы тұрғындарының шағымдарына аударды.

- Тұрғындар қаланың сол жағалауында «Сасық сай» деп аталып кеткен, булану алқаптарынан шығатын жағымсыз иіске қатысты наразылықтарын талай білдірген болатын. Бұл мәселеден хабардармыз. Бірақ, ашығын айтатын болсақ, «Сасық сайға» ағынды су екі жерден келеді – бірі қаладан, екіншісі Атырау мұнай өңдеу зауытынан. Лас судың басым бөлігі ондаған жылдар бойы қалалық кәріз ағындыларынан келуде, ол ешқандай тазартудан өтпейді. Ал, зауытта барлық қажетті нормалар мен талаптарға сай механикалық және биологиялық тазарту құрылыстардың орнатылғанына біраз уақыт болды. Оның үстіне, олар үнемі жаңартылып отырады. Әрине, біз әлеуметтік жауапты компания ретінде осы алқапты қалпына келтіру жұмыстарына қатысамыз, өңірдің қоршаған ортасына, оның халқына барынша қамқорлық көрсетеміз. Дегенмен, тұрғындар бүгінгі мәселенің түп тамырын түсінуге тиіс. Сондықтан, аймақтағы қоғам белсенділерімен тығыз қарым-қатынас орнатып, зауыттың атқарып жатқан жұмысын тұрақты түрде түсіндіру қажет, – деп тапсырды ҚМГ басшысы.

Өз кезегінде «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС бас директоры Ш. Данбай «Tazalyq» жобасын іске асыру барысы туралы баяндады. Оның берген ақпараты бойынша механикалық тазарту құрылымдарын реконструкциялау жөніндегі жобалау-іздестіру жұмыстары 90%-ға орындалды, ал, биологиялық тазарту құрылымдарын жаңғырту бойынша инженерлік ізденістер жүргізілді. Булану алқаптарын қалпына келтіру жобасының жобалау-іздестіру жұмыстары 60%-ға атқарылды.

Сонымен қатар, ҚМГ басшысы жұмыс сапары кезінде KPI – Интеграцияланған газ-химиялық кешенінің құрылыс алаңына барды. Бүгінгі таңда жобаның құрылысы 73,5%-ға орындалды. Нысанда бетондық жұмыстар, жерасты және жерүсті құбырларының монтажы, металл құрылымдарының, сэндвич-панельдердің, су сақтауға арналған резервуарлардың монтажы және т.б. жұмыстар жүруде. Түрлі нысандар бойынша құрылыстың дайындығы 51 пайыздан 97 пайызды құрайды. Ең төменгі көрсеткіш құбыр тораптарын дайындау және технологиялық құбырлардың монтаждау жұмыстарына тиесілі. Бұл елде енгізілген карантин тәртібімен байланысты. Себебі, жұмысшылардың бір бөлігі қашықтан жұмыс істеу әдісіне көшірілді. Сонымен қатар, әуе тасымалының тыйым салуына байланысты аса күрделі жұмыстарды және арнайы жабдықтың монтажын орындайтын шетелдік мамандар елімізге келе алмады.

Еске сала кетейік, интеграцияланған газ-химиялық кешенінің жобасы ҚМГ басқаруына 2018 жылдың маусым айында берілді. Сол уақыттан бері құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Кешен жылына 500 мың тонна дейін полипропилен өндіруге мүмкіндік береді.

## Құрылысшылар күні

# Адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық иелері

Ғасырға жуық тарихы бар «Ембімұнайгаз» АҚ-да бірнеше мамандық иелері қызмет етуде. Көптеген кәсіптің арасынан бүгін біздің әңгімемізге арқау еткелі отырған ерекше құрметке ие кәсіп иесі – бұл құрылысшы мамандығы. Ембілік құрылысшылар қыстың қақаған сары аязы мен шілдеңгір шілденің аптап ыстығын да, сары ала күздің сылбыр жауыны мен даланың жазғытұрым соғатын дауылды желін де елеместен, Ембі өндірісінде еңбек етіп жатқан 5 мыңнан астам адамның әлеуметтік-экономикалық деңгейінің артуына айтарлықтай үлестерін қосып келеді. Құрылысшылардың еңбегінің арқасында мұнай кен алаңдары әлеуметтік және өндірістік нысандармен дер кезінде қамтылып, мұнайшылар жайлы асханадан ауқаттанып, жылы да жарық жатақханаларда тұрып жатыр. Ең бастысы, өндірістегі жұмыс ағымы құрылысшыларға тікелей байланысты.

Осы орайда, соңғы жылдары Ембі кеніштерінде құрылыс жұмыстары қарқын алып, өндірістік көрсеткіштің артуына да септігін тигізуде.

Ембі кен алаңдарындағы өндіріс көрсеткішінің тұрақты орындалуында маңызы зор құрылыс жұмыстарының бірі- ұңғымаларды жайғастыру жұмыстары. Бұл орайда, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-да - 24, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-де - 8 және «Доссормұнайгаз» МГӨБ бойынша 12 ұңғымаға жайғастыру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, Шығыс Мақат мұнай дайындау пунктінде технологиялық сорап стансасының, Б.Жоламанов орталық жинау пунктінің өрт сөндіру жүйесінің, Прорва орталық мұнай дайындау пунктінің технологиялық сорап стансасының және Алтыкөл кен орнындағы Ембі өзені арқылы өтетін бөгеттің құрылыс жұмыстары аяқталды. Бұған қоса, Солтүстік Қотыртас кен орнындағы екінші суды көтеру сорғысын реконструкциялау және Шығыс Мақат кен орнына факел шарушылығының орталық жинау және даярлау пунктін орнату жұмыстары жүргізілді.

«Жайықмұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның сұйықтықты жинаудың өндіріс ішіндегі жүйелерін қайта құрылымдау, Солтүстік Нұржанов кен орнының солтүстік-батыс қанатында теңізден қорғаныс бөгетін




салу, Шығыс Молдабек кен орнындағы 1,2,3,4-МК мұнай коллекторларын қайта құрылымдау, қолданыстағы 5000 м3 №7 ТБС бөлшектеумен С.Балғымбаев кен орнының мұнайды жинау және дайындау орталық пунктін 5000 м3 ТБС (су) салу, Атырау қаласындағы геологиялық қорлар архиві бар 155 көлік орнына арналған көп деңгейлі паркинг құрылыстары жүруде. Жоғарыда айтылып кеткен нысандар жоспар бойынша 2020 жылдың аяғына дейін аталған құрылыс жұмыстары аяқталып, қолданысқа беріледі деп күтілуде.

Кен алаңдарындағы әр нысан құрылысының сапалы жүруі мен оның талапқа сай іске қосылуында құрылыс жұмыстарының жобалау-сметалау құжаттарын дайындаудың маңыздылығын атап өткен жөн.

Қолға алынған құрылыс нысандарына негіздеме беретін жобалау-сметалау бөлімі. Сызбасыз бір де бір өндірісті айналып өтпейтіндігі белгілі.

Ең маңызды да ауқымды, жауапты жобаларымыздың бірі – ұңғы сағасын жайластыру (обустройство устье скважин). Жобалаушы бұрғылау жұмыстарынан кейін жер асты қабатынан өндірілген мұнайды бірнеше өңдеу кезеңдерінен өткізіп, өндірілген таза мұнайды соңғы пунктіне дейін тасымалдау жобасын қарастырады.

Міне, осындай ауқымды жұмыстардың нәтижесінде Ембі өңірі заманауи нысандармен толығу үстінде.

Көріп отырғанымыздай, бұл – тек соңғы жылдардың жетістігі. Демек, өндіріс алаңындағы бой түзеп, пайдалануға берілген барлық нысандарда – бәрі-бәрінде құрылысшылардың қолтаңбасы жатыр. Сондықтан, құрылысшы еңбегі қашан да жоғары құрметке лайық жандар екенін ерекше атап өтіп, ембілік құрылысшыларды кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз!

# Бастысы – өндіріс қажеттілігін қамтамасыз ету




Биылғы жыл мұнай-газ саласы үшін қиынға соқты. Әлемді шарлаған, өкінішке орай, біздің жұмысшыларға да әсер еткен коронавирус пандемиясына тағы бір жаһандық проблема қосылды - мұнай бағасы айтарлықтай төмендеді. Бүгінгі таңда әлемдік нарықтардағы жағдай бірнеше ай бұрын мұнай бағасы қысқа уақытқа минусқа төмендеген жағдайдан да жақсырақ, бірақ, нарықтағы тұрақсыз жағдай әлі де сақталуда. Компания басшылығы бүгінгі таңда қандай мәселелерді шешуі керек, Ембі геологиялық барлау жобаларын жалғастыра ма және мұнайды жинау және дайындау процестерін қандай әдіспен жақсарту жоспарлануда? Осы мәселелер «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары Қасымғалиев Қанатбек Махмудұлымен сұхбатымызда көтерілді.

**- Қанатбек Махмудұлы, соңғы айларда компанияның топ-менеджменті нон-стоп режимінде жұмыс жасауда. Пандемия мен кейін орын алған мұнай бағасының төмендеу дағдарысы компанияның экономикалық жағдайына қалай әсер етті?**

- Иә, өкінішке орай, пандемия мен мұнай бағасының төмендеуі компанияның экономикасына кері әсерін тигізіп отыр. Қазіргі таңда әлемдік нарықтағы баға едәуір тұрақтады, дегенмен, компанияның кірісі ішкі нарыққа жіберілген мұнай үлесінің ұлғаюына байланысты үкіметтің мұнай өнімдерінің ішкі нарығын қолдау туралы шешімі аясында азайды. Егер өткен жылы компания ішкі нарыққа 18% жіберсе, қазір бұл көлем шамамен 42%-ға өсті. Ал, ішкі нарықта мұнайды жеткізу құны экспорттық бағадан әлдеқайда төмен.

Әрине, бұл фактор бұрын жинақталған қаржылық резервтер есебінен сақталатын компания экономикасының нашарлауына айтарлықтай әсер етеді.

Сонымен қатар, компанияның шығындары коронавирустық инфекцияға қарсы ұйымдастырушылық шаралардың қажеттілігіне - қорғаныс құралдарын сатып алуға, санитарлық-гигиеналық шараларға, ПТР тестілеуге және басқа да қажетті карантиндік шараларға, ауысым ұзақтығының ұлғаюына байланысты мұнайшыларға үстеме ақы төлеуге және т.б. байланысты ұлғайды.

Бұл шығындардан басқа әлеуметтік жауапкершілігі мол компания ретінде біз өңірдегі күрделі эпидемиологиялық жағдайға байланысты Атырау облысы әкімдігі мен аудан әкімдіктерінің көмек беру туралы өтініштерін назардан тыс қалдыра алмаймыз. Пандемия басталғалы бері компания аймақты қолдауға шамамен 300 миллион теңге бөлді, бұл қаражатқа тұрмыстық техникалар, төсек-орын жабдықтары, диспенсерлер, гигиена құралдары мен азық-түлік сатып алынып, Атырау қаласының Береке ықшам ауданындағы карантиндік стационарлар жабдықталды. Жылыой аудандық ауруханасына көмек көрсету мәселесі шешілді.

Компаниядағы қолайсыз қаржылық жағдайға қарамастан, біз мемлекетке біздің қолдауымыздың қажет екендігін түсінеміз.

Осыған қарамастан, уақытылы қабылданған шаралардың және біздің компанияның біріккен ұжымы арқасында бүгінде барлық кен орындар штаттық режимде қалыпты жұмыс істеп, өндіріс жоспары жоспарланған көрсеткіштерге сәйкес жүзеге асырылуда.

Осы мүмкіндікті пайдаланып, мен бүгінде вахта ауысымы мерзімінің өзгеруіне және өндірісте қызметкерлердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптардың күшейтілуіне байланысты аса күрделі жағдайда жұмыс істеп жатқан ұжымымызға, әсіресе, өндірістік қызметкерлерге алғысымды білдіргім келеді.

**- Компанияда бүгінгі таңдағы эпидемиологиялық жағдай қандай?**

- 4-тамыз күніндегі жағдай бойынша ПТР тестілеу кезінде оң нәтиже «Ембімұнайгаз» АҚ-ның 437 қызметкерінде анықталды. Соның ішінде, 425 қызметкері дерттен сауығып шықты. Ал, 12 адам - үй карантинінде. Атап өту керек, вирус жұқтырғандардың басым көпшілігі жұмысқа кірісер алдында жұмысшыларға ПТР тест сынағын тапсыру кезінде анықталды. Теңіз кен алаңында



еңбек ететін жұмысшылардың жаппай ауруға шалдығуы салдарынан эпидемиологиялық жағдайы нашарлаған Жылыой ауданындағы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ кен алаңдарында індет белгілері көп тіркелінді. Компания өз жұмысшыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы кешенді сақтық шараларын жүзеге асыруды жалғастыруда. Мемлекеттік санитарлы-эпидемиологиялық қызметтің жаңартылған хаттамасына орай «Ембімұнайгаз» кен алаңдарына кіру алгоритміне енгізілген кезекті өзгерістерді біздің жұмысшылардың назарына ұсынғым келеді. Енді алгоритм компанияның өндірістік нысандарына кіріп-шығудың егжей-тегжейлі тәртібін, сондай-ақ, COVID-19 жұқтыру қаупі жоғары адамдар үшін оқшаулау кезегін қарастырады.

Сондай-ақ, вахталық кезеңді ұзарту туралы шешімді түсіндіріп өтейін. Өздеріңізге мәлім, төтенше жағдай кезінде вахта мерзімі 56 күнге дейін ұзарды. ТЖ тоқтатылып, карантин кезінде 14 күндік вахта уақыты 28 күнге ұзарды. Бұл – өндіріс үдерісіне келетін қауіпті мейлінше азайту, мұнайшылардың денсаулығын сақтау мақсатында туындаған шешім. Осындай жұмыс кестесіне көшу 28 күн бойы кен алаңдарында тұрақты жұмысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Вахтааралық кезеңнің ұзақтығы бүгінгі пандемия жалғасып жатқан кезеңде жұмысшыларымыздың денсаулықтарына көбірек көңіл бөлуге жағдай жасайды. Бұдан өзге, бүгінде вахта жұмысына кірісер алдында жұмысшылар ПТР тест сынағын тапсырғанан кейін 5 күн бойы оқшаулау орнында болады. 14 күндік вахта мерзімі сақталған жағдайда қызметкердің жұмыстан кейінгі қалыпқа келу кезеңі айтарлықтай азаяды.

**- Бүгінгі таңда әлемдегі ірі мұнай компаниялары өздерінің шығындарын айтарлықтай қысқартып отыр. Бұл, әсіресе, геологиялық барлау жобаларына қатысты. Мұнайлы Ембі өңірінің кен алаңдарының дені байырғы кеніштер екенін ескерсек, бұл мәселе компанияда қалай шешімін табады?**

- Шынымен, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның жүзеге асып жатқан дағдарысқа қарсы бағдарламасы аясында күрделі шығындар оңтайландырылды. Бұл жұмыстар геологиялық барлау жұмыстарының көлеміне де әсер етті. Сонымен бірге, біз Қаратон-Сарықамыс және Тайсойған барлау учаскелерінде табылған мұнай кен орындарының коммерциялық жарамдылығын бағалау, сондай-ақ, мұнай-газ ресурстық базасын ұлғайту мақсатында игеріліп жатқан кен орындарын одан әрі барлау жұмыстарын жалғастырудамыз.

**- Бүгінгі таңда өндірістегі жағдай қалай?**

- Қазір алдымызда шешімін күткен бірнеше кешенді міндеттер тұр. Алдымен, газ факторының өсуіне байланысты жұмыс істеп тұрған ілеспе газды дайындау қондырғылардың қуаттылығын арттыруға байланысты мәселелерді шешу. Бүгінде осы мәселеге орай, сонымен қатар, Прорва кен алаңдарында ілеспе газды дайындау қондырғысының қызметін кеңейту мақсатында «ҚМГ-Инжиниринг» мекемесімен бірлескен жұмыс жүруде. Сонымен қатар, бүгінде ескірген мұнайды жинау және дайындау жүйесін жаңғырту мақсатында да институтпен бірлесіп ауқымды жұмысты қолға алудамыз.

Осы тұжырымдамалардың аясында мұнай жинау шағын пункттерін мұнайды дайындау мен айдаудың орталық пункттерімен жабуға мүмкіндік беретін жаңа технологиялық сызбалар жасалады және жабық жүйелер жасақталады. Бізде іс жүзінде түсініксіз технологиялық операцияны орындайтын және өте қауіпті өндірістік құрал болып табылатын көптеген пештер жұмыс істейді. Бұл құрал-жабдықтардың барлығына қызмет көрсетіп, жөндеу үшін көп уақыт қажет етеді. Осы жүйелердің тозуына байланысты бүгінгі күні өндірушілеріміз өндірістік қуатын функционалдық міндеттерін орындауға емес, жабдықты үнемі жөндеуге жұмсауға мәжбүр. Бұл шаралардың барлығы біздің мұнайшыларымызға өз күштерін жөндеу жұмыстарына жұмсамай, өздерінің тікелей міндеттерін орындауға мүмкіндік береді. Өйткені, біздің міндетіміз жөндеумен айналысу емес, олардың алдын алу немесе болдырмау. Сонымен қатар, моральдық және физикалық тұрғыдан тозған жабдықтарды жаңарту және оларды модернизациялау жоспары жаңартылатын болады.

**- Қанатбек Махмудұлы, бүгінгі экономикалық жағдайға орай, кейбір мұнай-газ компаниялары қысқартуға мәжбүр болып жатыр. Бұл мәселе біздің компанияға қаншалықты қатысты?**



- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Алик Серікұлы Айдарбаев өзінің Атырау облысындағы сапары кезінде атап өткендей, компанияның ұстанған бағыты – өндіріс мамандарының жұмыс орындарын сақтау. Бүгінгі біздің өндірістегі жағдай бойынша талдау жұмыстары көрсеткендей, өндірістік мамандар тапшылығы мәселесі бар. Сондықтан, біздің алдымызда өндірістің әр кезеңінде мамандарды дұрыс бөлу, қажетті мамандар санын анықтау және оларды компания ішінде ауыстыру арқылы өндіріспен қамтамасыз ету үшін үдерістерді жетілдіру міндеті тұр.

# ЭМБИНСКИЕ ТРАНСПОРТНИКИ УЛУЧШАЮТ ПРОЦЕССЫ



Разработка и добыча нефти на 33 эмбинских месторождениях требует слаженной и эффективной работы всего парка автотранспортных средств и спецтехники. На протяжении последних лет в компании внедряются сразу несколько проектов, целью которых является улучшение работы этого ключевого направления. О том, какая работа проводится по улучшению транспортного обеспечения, в интервью с **руководителем отдела автотранспорта департамента транспорта АО «Эмбамунайгаз» Маликом Капановичем ТОРЕСАЕВЫМ.**

**Почему было необходимо изменить привычный всем порядок управления транспортом компании?**

- Эффективная деятельность компании зависит от своевременного обеспечения производственных процессов автотранспортом. Сюда относится и доставка на месторождения необходимого оборудования и бригад для ремонта скважин, работников до месторождений, своевременное обеспечение производственных объектов всем необходимым и многое другое. Ранее, до внедрения проекта автоматизации процессов транспортного обеспечения, вся служебная документация по транспорту в АО «Эмбамунайгаз» велась на бумажных носителях. Заявки выписывались на бумаге, отсутствовала информация об исполнении или неисполнении заявки, времени посещения скважины и другой отчетной информации, не было единого технического табеля о доступности транспортного средства, путевые листы велись в формате Excel. Расчет ГСМ производился вручную и оно потреблялось в завышенных объемах. Кроме того, около трети автотранспорта/спецтехники компании эксплуатировалось более 10 лет, отчего техника часто простаивала на ремонте, что негативно отражалось на производстве. Проанализировав все эти факторы, в компании было принято решение усовершенствовать деятельность управления транспортным обеспечением с учетом современных стандартов и технологий.

**Расскажите, какие проекты были реализованы в области транспортного обеспечения?**

- В рамках большого проекта по автоматизации процессов транспортного обеспечения, были реализованы проекты GPS- мониторинга и эффективного управления парком автотранспортных средств и спецтехники, обновляется парк спецтехники, проводится программа по выводу на аутсорсинг, ведется системная работа по улучшению технического обслуживания и ремонту автотранспортных средств и верхнего оборудования спецтехники.

**Какого эффекта удалось добиться в результате внедрения всех этих проектов?**

- После автоматизации процессов транспортного обеспечения на базе разработанной программы SAP Cloud Platform, потребление ГСМ снизилось на 23 %, с 5 529 тонн в 2017 г.до 4 242 тонны в 2019 г. Была автоматизирована подача заявок на транспорт, вследствие чего уменьшилось время ожидания спецтехники при увеличении ее производительности; снизилось количество простоев, ведутся онлайн-мониторинги коэффициентов использования парка и технической готовности.

Долгосрочный проект - система GPS мониторинга автотранспортными средствами была внедрена еще в 2012 году с установкой на 500 единиц транспорта. Принцип ее работы в том, что на автотранспортное средство устанавливается GPS трекер, который направляет следующую информацию по GSM каналу на сервер компании - местоположение, заводка двигателя, время остановки, длительность стоянки, превышение скорости и т.д. В связи с повышением требований по безопасному вождению – обязательное использование фар ближнего света, пристегивание ремней безопасности и исключение отклонения от разрешенной скорости, в 2019 году на 401 единицу автотранспорта были установлены и подключены бортовые системы мониторинга (далее - БСМ). В результате применения БСМ в ежедневной деятельности компании, значительно повысилась дисциплина водителей, а количество нарушений в 2019 году, связанных с превышением скорости на грузовом автотранспорте сократилось на 364 или 74 %, по сравнению с 2018 годом. Бортовая система позволяет повысить безопасность, минимизировать количество штрафов и дорожно-транспортных происшествий, а также исключить нецелевое использование автотранспортных средств, в том числе и выезд на запретные зоны. Соответственно, у нас появилась возможность наглядно видеть профессиональный уровень наших водителей и поощрять их в случае неукоснительного соблюдения правил безопасного вождения.

**В последние годы компания активно закупает новую технику, взамен отслужившей свой век и вышедшей из строя. Расскажите нам об этой масштабной работе.**

- Да, в целях обеспечения бесперебойного транспортного обеспечения объектов нефтедобычи, в 2017 году был сформирован и утвержден план обновления парка спецтехники с учетом вывода на аутсорсинг парка пассажирских и грузоперевозящих автотранспортных средств. План был актуализирован в 2019 году сроком до 2023 года, с учетом рекомендаций заводов-изготовителей по эксплуатации спецтехники не более чем 10 лет. В 2019 году был обновлен парк пожарной техники. Было закуплено 15 единиц пожарных машин, не обновлявшихся с 2004 года. Количество автотранспортных средств, эксплуатирующихся более 10 лет, снизилось на 100 единиц (13%), за счет обновления спецтехники и вывода на аутсорсинг пассажирских и грузоперевозящих автотранспортных средств.

В рамках последнего проекта предусмотрена программа поэтапного вывода на аутсорсинг легкового, автобусного и грузоперевозочного транспорта, целью которой является снижение себестоимости добычи нефти и повышение качества транспортных услуг. При этом идет развитие и модернизация парка специальной нефтепромысловой техники. Все программы и бизнес-план согласованы и утверждены на пять лет.

В целях реализации программы по выводу на аутсорсинг автотранспортной техники на 2018-2020 гг., принято решение о финансовой нецелесообразности приобретения и эксплуатации некоторых типов техники и переводом их на аутсорсинг, в том числе автобусов и технологического транспорта (бортовые, самосвалы).

По итогам работ, проведенных в рамках плана вывода на аутсорсинг в 2018-2019 гг. были списаны 179 единиц собственного транспорта и приобретены транспортные услуги на 147 единиц автотранспорта. Высвобождены 63 водителя, которые теперь переобучены и переведены на спецтехнику и технологический транспорт.

Отмечу также повышение качества предоставляемых услуг по железнодорожным перевозкам. В текущем году обновлены 4 состава пассажирских вагонов для перевозки наших вахтовых работников со всеми удобствами. Обновляется парк пассажирских автобусов с контролем качества оказываемых услуг по перевозке работников Эмбы.

Реализацию плана вывода пассажирского транспорта и грузового парка мы планировали завершить в этом году, но к сожалению, из-за неблагоприятной эпидемиологической ситуации в стране, сейчас эта работа приостановилась. Как только эпидемиологическая ситуация улучшиться, мы возобновим работу в этом направлении.

**Каков статус проекта по улучшению технического обслуживания и ремонта автотранспортных средств и верхнего оборудования спецтехники?**

- На сегодняшний день учет и планирование процессов технического обслуживания и ремонта парка автотранспортных средств и спецтехники ведется в рамках системы раздельного учета SAPTORO. На ее базе, идет учет и анализ пробегов автошин и работы аккумуляторных батарей. Были разработаны регламенты и стандартные операционные карты по техническому обслуживанию парка автотранспортных средств и спецтехники. Планируется внедрить систему раздельного учета SAPTORO и в процесс технического обслуживания и ремонта верхнего оборудования спецтехники.

Был расширен перечень запасных частей в договорах по техническому обслуживанию и ремонта парка автотранспортных средств и спецтехники. Стоит учесть, что при подготовке тендерной документации в 2017 году в приложении к договорам по оказанию услуг ТОиР узлов и агрегатов автотранспортных средств и спецтехники на 2018 год, большинство наименований запасных частей не были включены в приложения к договорам, по причине подвязки цен запасных частей и услуг к сумме, предусмотренной в бюджете. Из-за этого, в течении 2018 года возникали трудности в приобретении запасных частей, не указанных в договоре. Эти обстоятельства повлияли на ведение правильного учета запасных частей, узлов, агрегатов и оформление соответствующих учетных документов (акты установки, дефектные акты, реестры учета з.ч.). С учетом этого опыта, при подготовке тендерной документации на 2019 год, все вышеуказанные сложности были учтены и совместно с департаментом закупок и местного содержания, принято решение не привязывать цены запасных частей и услуг к сумме, предусмотренной в бюджете. В результате, удалось своевременно организовать работу по ТОиР и снижению времени простоя техники.

Дополнительно, департаментом транспорта с 2018 года организованы склады запасных частей и расходных материалов для проведения технического обслуживания парка автотранспортных средств и спецтехники на базе каждого ПСП. Данное решение позволило эффективно планировать процесс технического обслуживания и минимизировать время ожидания запасных частей.

Хотелось бы отметить тот факт, что если на протяжении последних лет бюджет на техническое обслуживание автотранспортных средств оставался неизменным при том, что стоимость запасных частей российского и импортного производства неуклонно росла, то в 2020 год он предусматривает сумму в размере 385 млн. тенге, которая на 102 млн. тенге больше бюджетной суммы в 2019 год. Дополнительная сумма была изыскана за счет снижения аналогичной суммы бюджета закупа товарно-материальных ценностей, так как запасные части, узлы и агрегаты, полученные по этой линии, поступают на склад во второй половине года, вследствие чего их практически невозможно использовать в полном объеме. Закуп же запасных частей через услуги дает преимущество в выборе деталей в соответствии с каждой моделью автотранспортного средства.

Проект бюджета по техническому обслуживанию и ремонту верхнего оборудования на 2020 год составляет 152 млн. тенге, что на 106 млн. тенге превышает сумму на 2019 год. В ходе изучения статей затрат, департаментом транспорта было выявлено, что ранее при составлении бюджета в статье затрат предусматривалось верхнее оборудование на неполный перечень автотранспортных средств - АПРС, ППУ и АДПМ. Теперь проектом бюджета на 2020 год, включено верхнее оборудование дополнительно на АСР, азотные компрессора, автокраны, ямобуры, АГП, АКН и АСЦ, так как все это оборудование влияет на планы мероприятий всех НГДУ по добыче нефти и газа. Также был расширен перечень запасных частей и услуг.

Как видно из вышеизложенного, масштабная работа по улучшению транспортного обеспечения в Эмбе идёт полным ходом, все проблемы, имеющиеся на местах успешно решаются и создаются все условия для качественной работы наших работников.

# Помогая другим, помогаешь себе

***Последний период пандемии запомнится нам мощным всплеском в стране волонтерского движения, когда в самые тяжелые недели казахстанцы добровольно дежурили в больницах, помогая врачам обеспечивать кислородом больных, собирали деньги на лекарства нуждающимся, обеспечивали питание медицинских работников, приобретали ИВЛ и многое другое. Активное участие в волонтерском движении приняли и эмбинцы (об этом читайте на стр. 6-8 в текущем номере «ЕТ»). О том, что подразумевает под собой волонтерская деятельность, признан ли статус волонтера официально и перспективах развития движения в Казахстане читайте в этом материале.***

## Что такое волонтерство?

Понятие волонтерства предполагает деятельность, совершаемую добровольно на благо общества или отдельных социальных групп, без расчета на вознаграждение. Волонтерами становятся не из финансовых побуждений, а ради помощи другим и приобретения бесценного жизненного опыта. Наиболее популярными видами волонтерской деятельности в мире являются - охрана окружающей среды, оказание помощи пострадавшим в стихийных и военных бедствиях, развитие образования, инноваций и науки, популяризация спорта и активного досуга, сохранение памятников истории и культуры, создание возможностей для раскрытия творческого потенциала для людей с физическими особенностями и мн. др.



Для коллектива АО «Эмбамунайгаз» волонтерство уже стало доброй традицией. Только за последние пять лет, эмбинцы на волонтерских началах обеспечили жильем 21 казахстанскую многодетную малообеспеченную семью. В прошлом году наш коллектив обеспечил школьной одеждой около 500 учащихся из малообеспеченных многодетных семей г. Арыс и районов Атырауской области.

Весной этого года помощь от эмбинцев пришла и жителям Южного Казахстана, пострадавшим от наводнения. Около 4-х миллионов тенге, собранных из личных средств наших работников, были перечислены в фонд «Bizbirgemiz-Атырау» для оказания помощи жителям пострадавшего Мактааральского района.

В апреле текущего года эмбинцы собрали и передали более 1 миллиона тенге на адресную поддержку медицинских работников и полицейских, изолированных на карантин. Дополнительно, по инициативе первичной партийной организации партии «Nur Otan» в НГДУ «Жайыкмунайгаз» нефтяники оказали помощь семьям из социально-уязвимых категорий населения Исатайского района Атырауской области. Работники управления «Доссормунайгаз» на добровольных началах принимали участие в дезинфекции поселка. Все перечисленные акты доброй воли эмбинцев являются волонтерскими акциями.

## Волонтерство – школа жизни

О важности волонтерского движения для развития гражданского общества и перспективах его дальнейшего развития в нашей стране мы побеседовали с **директором Жайык-Каспийского Орхусского центра Шынар ИЗТЛЕУОВОЙ**, много лет посвятившей себя работе в неправительственном секторе.

***Шынар Орманбаевна, каков на сегодняшний день статус волонтера в нашей стране?***

- Если говорить о волонтёрском движении в Казахстане принят 30 декабря 2016 года. В нем даются основные понятия - волонтер, группа, каким образом могут работать волонтерские организации и осуществляется взаимодействие с государственными органами. Официально принят в нашей стране и закон о благотворительности, в котором прописаны пункты о финансовой и материальной помощи волонтерским движениям. Текущий год объявлен Годом волонтеров, однако к сожалению, вплоть до начала пандемии, большая часть волонтерских движений носила формальный характер. Между тем, есть огромный накопленный международный опыт эффективного волонтерского движения, который сегодня нам нужно будет изучить и внедрять в целях лучшего взаимодействия государства с общественностью.

***Как вы полагаете, что движет людьми, которые принимают решение стать волонтерами?***

- Во-первых, они таким образом реализуют свою социальную активность и получают самоудовлетворение от вклада в благое дело. Кроме того, в ходе волонтерской деятельности люди попадают в комфортную среду единомышленников, получают новый жизненный опыт и навыки работы в нестандартных ситуациях. В неправительственном секторе и Орхусском центре мы привлекаем волонтеров для работы, которым впоследствии по запросу предоставляем характеристики. И как правило, они всегда служат дополнительным конкурентным преимуществом при трудоустройстве и поступлении в учебные заведения. В ведущих западных учебных заведениях и компаниях претенденты всегда указывают в своих резюме или отдельно в эссе опыт волонтерской деятельности, и особенно приветствуется, если он имел место быть в странах третьего мира.

***Я очень впечатлена активной гражданской позицией нашего общества, особенно со стороны молодых людей и предпринимательского сообщества, в период пандемии.***

**-** Да, мы все наблюдаем, как люди сегодня по призыву души включились в помощь государству для борьбы с пандемией. Между тем, необходимо создать определенные схемы для их эффективной и безопасной работы, в том числе обязательно обеспечивать их средствами индивидуальной защиты и проводить тренинги по технике безопасности, учитывая, что многие из них сегодня помогают в так называемых «грязных зонах». Я очень рада, что после моей недавней встречей с акимом Атырауской области к моим рекомендациям прислушались и они учтены при организации деятельности вновь созданного штаба по работе с волонтерами на базе Гражданского центра.



***Какого плана рекомендации?***

- Прежде всего нужна база данных нуждающихся в волонтерской помощи, которая будет формироваться не только за счет информации из выплатного центра. В последние месяцы много казахстанцев, особенно самозанятых, остались без работы и источников дохода. Поэтому необходимо проведение опросов населения, что под силу неправительственным организациям. Единая база данных и объединение усилий волонтеров нужно еще и потому, чтобы помощь была своевременной и необходимой. Часто так было, когда из-за разрозненности волонтерских групп одна нуждающаяся семья получала несколько продуктовых корзин и другие виды помощи, в то время как другой семье не довозили ничего. Кроме того, реальная база данных позволит понять потребности нуждающихся семей – кому-то нужна помощь продуктами, кому-то медикаментами, а третьей



семье необходима помощь в оплате арендного жилья. Кроме того, обязательно, должны быть очерчены зоны ответственности, чтобы не повторилась ситуация, имевшая место в ходе поисков погибшего мальчика в пригороде, когда следственные действия осложнились различной некорректной информацией в социальных сетях о родственниках ребенка, исходившей от волонтеров.

Полагаю, что для построения эффективной работы необходимо сегодня обратиться к международному опыту и пригласить экспертов для проведения тренингов для казахстанских волонетров. Пока большая часть внешних границ закрыта, можно будет привлечь российских коллег, у которых есть большой и успешный опыт в организации волонтерских движений.

***В нашей компании уже сложилась традиция помощи нуждающимся. Много наших работников также сами активно помогают нуждающимся. Чтобы вы могли посоветовать, чтобы помощь была по настоящему эффективной?***

- Это замечательно, когда работники вовлечены в волонтерскую деятельность. Каждый волонтер – сотрудник компании, является носителем ее бренда и вносит вклад в благополучие общества. Со своей стороны, я посоветовала бы объединить всех волонтеров в компании, выбрать лидера и поддерживать связь со региональным штабом волонтеров, чтобы синхронизировать совместную деятельность и сделать ее более упорядоченной и адресной.

***Спасибо за интервью!***



# МЕЙІРІМДІ ЖАНДАР – АРАМЫЗДА

*Блогер әріптесіміз Дария емдеу мекемелеріне медициналық құрал-жабдықтарды алуды ұйымдастырды*




Жанашыр адамдардың қолдауымен әріптесіміз – **«Ембімұнайэнерго» басқармасының еңбекке ақы төлеу және қызметкерлерді басқару тобының администраторы, атыраулық блогер Дария ЕРБОЛАТОВА** ізгілікті іске бастамашы болып, халықтан жиналған қаржыға қорғаныш киімдерін алып, аса қажет болып отырған оттегі концентратына тапсырыс берді.

- 10-шілде күні түнде Инстаграм желісіндегі парақшама тіркелушілерге бірігіп оттегі концентратын алу жөнінде ұсыныс жасап, 2 күнде 4 миллион 890 мың теңге жиналды. Әркім өз мүмкіндігінше қаражат аударды. Бір отбасы 10 оттегі концентраты аппаратын алуға қаражат жинап берді. Сөйтіп, Қытайдан әрқайсысы 170 мың теңге тұратын 25 оттегі концентраты аппаратын және 20 пульсоксиметр алуға тапсырыс бердік. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі оттегі концентраторларын Қазақстанға жеткізу үшін ұшақ бөліп, 26-шілде күн аппараттар Атырауға жеткізілді. Ал, қан құрамындағы оттегі мөлшерін бақылайтын пульсоксиметрлер Қытайдың Үрімші қаласында, таяу арада аймаққа жеткізілмекші, - дейді Дария бізбен әңгімесінде.

Қаражаттың тез жиналуы адамдардың Дарияға сеніммен қарайтындығын тағы бір дәлелдесе керек. Өйткені, бала күтіміне байланысты үйде отырған ол отбасы тірлігіндегі келіндік міндетін де ұмытпай, елдің алғысын алып, талай игілікті істің басы-қасынан табылып жүргені бірінші рет емес. Әріптесіміз бұған дейін де қайырымды көмектердің бастамашысы болып жүр. Мәселен, церебральды сал ауруымен ауыратын баланың еміне де тіркелушілеріне үндеу тастап, мәселенің мән-жайын түсіндіріп, қаражат жинаған болатын. Бұған қоса, «Жүректен-жүрекке» қайырымдылық қорымен бірігіп, 150 мың теңге қаражатқа облыстық ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетімдер үйінің тәрбиеленушілеріне дәрі-дәрмек алып берді. Ал, бұл жолы облыс орталығы ғана емес, аудандарға да арнайы аппарат алуды ұйымдастырды.

- Әр ауданның аурухааларының бас дәрігерлерімен байланысып, қажетті көмектер жөнінде сұрастырып, білдім. Кей аудандарда жергілікті халық көмектесіп жатыр екен. Сондықтан, көмек аздап жетіп жатқан аудандарға бағыт аудардық. Атап айтсақ, Атырау облыстық туберкулезге қарсы диспансерге – 2, Томарлы ауылдық емханасына – 2, Мақат аудандық ауруханасына – 3, Атырау қалалық №7 емханасына – 1, Геолог емханасының провизорлық стационарына – 3, Исатай аудандық ауруханасына – 10, Еркінқала ауылдық дәрігерлік амбулаториясына - 2 және Атырау облыстық кардиологиялық орталығына 3 оттегі концентраты аппараты беріледі. Жанашырлық танытып, өз үлесімді қосамын деп ықылас танытқан Инстаграмдағы «достарымның» қайырымды істерін ұйымдастырып, кесте бойынша ауруханаларға жеткізіледі, - дейді Дария Ерболатова.

Сонымен қатар, блогер Дария бұған дейін тіркелушілерінен ерікті түрде қаражат жинап, Атырау облыстық ауруханасына, Жедел жәрдем стансасына, облыстық туберкулезге қарсы диспансерге, Еркінқала ауылдық емханасына, моргке 500 жеке сақтандыру комбенезонын, 7700 масканы, 200 жеке сақтандыру жиынтығын (*шақыртулар бойынша науқастардың үйіне баратын мдицина қызметкерлеріне – ред.*) алып, таратып берді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Дария жергілікті тұрғындармен бірігіп ұйымдастырған мұндай көмектерді көптеп мысалға келтіруге болады.

- Адамдардың қиналып жатқанын көріп, қолымыздан келген көмекті көрсетуге тырысу – қазіргі сын сағатында өте маңызды. Қазір қолұшымызды созбасақ, қашан? Бұл күндер де кетер. Біріккен қолдауымыздың арқасында ғана жайма-шуақ, алаңсыз шақтарға оралар уақытымыз жақындай түспек. Мейірімді болайық!, - деп ойын түйіндеді Дария Ерболатова.



## *Болат НСАНБАЕВ: «Адамгершілік белгісі - бір-бірімізге жанымыз ашып, қолдау көрсету»*



Коронавирус инфекциясы белең алған тұста елімізде, соның ішінде, облыста дәрі-дәрмектің тапшылығы аурулар санының тым көбейіп кетуіне септігін тигізіп, ахуалды одан сайын күрделендіріп жіберді.

Адамдар 1-2 дәрі алу үшін дәріханаларға 3-4 сағат бойы ұзын-сонар кезекте тұрды. Тіпті, *басы ауырып, балтыры сыздаған адамның* жанына шипа болар іздеген дәрісінің басым көпшілігі дәріханаларда таптырмай қойды.

Осындай күрделі шақта әріптесіміз – «Ембімұнайгаз» АҚ өндірісті автоматтандыру және ақпарат технологиясы департаментінің директоры Болат НСАНБАЕВ үлкен игі істің бастамашысы бола білді.

Өз өз инициативасымен көршілес Ресей елінің Астрахан облысындағы достарымен байланысып, жергілікті халықтың сұранысына сәйкес аса қажетті, таптырмай отырған дәрілердің алғашқы партиясын Атырауға жеткізіп, науқастардың үйлеріне тарата бастады. Бұл жерде карантин кезеңі болғандықтан, қос елдің шекара бекетіндегі көліктердің өтуіне қойылған шектеулерге байланысты дәрілер-дәрмектерді Атырауға жеткізу үшін арнайы тамақ тасып жүрген «Газель» жүргізушілерімен келісу керек болғандығын айта кеткен де жөн (*шекарадан тек тамақ тасушы «Газельдер» ғана өте алады, - ред.*).

- Қалада дәрі жоқтығы туралы дүрбелеңді көргесін, бұл іс дереу қолға алынып, бірден кірісіп кеттік. Ең алғашқыда 1-2 қорап дәрі алдырттық. Кейін көмек сұраушылар қатары көбейе бастады. Ешкімнен ақша талап еткен жоқпыз, бірақ, кейбірі кейін қаражаттарын аударып жіберді. Ал, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларына қазіргі күрделі кезеңге орай еш уайымдамауларын сұрап, «шипа болсын!» деген тілегімізді жеткіздік.

Кейін Жаңаөзен, Ақтау, Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларынан да байланысқа шығып, дәрілер сұрата бастады. Бұл жақта да дәрі тапшылығы орын алған. Оларға да көліктер, пошталар, курьерлік қызметтер арқылы қорап-қорап дәрілерді жібердік, - дейді Болат Мұратұлы бізбен әңгімесінде.

Көбіне парацетамол, цифраксон, оттегі жастығы, акрихин, осельтамивир, дексаметазон, клексан, фраксипарин, номидес, эргеферон, натрий хлориді және басқа да укол, систeмалар және т.б. дәрілерге сұраныс түскен. Әріптесіміз алғашқыда дәрі-дәрмек сұраған адамдардың мекен-жайлары бойынша өзі үйлеріне жеткізіп жүрді. Кейін бұл бастаманы кәсіпкерлер, меценаттар жалғап, көрші елден дәрілер үлкен мөлшерде келе бастады. Мұның өзі шекара бекеттерінде мәселе туындатып, дәрі жеткізу қиындай түскен. Кейін облысқа үлкен мөлшерде дәрілік заттар партиялары жеткізіле бастаған соң, әріптесіміз бұл істі біртіндеп тоқтатты.

Әлем мейірімді жандармен әдемі.

Біршама адамның ауруын асқындырмай, аяққа тұрып кетуіне үлесін қосқан Болат Мұратұлы дәрілерді Атырауға жеткізудегі мақсат – сату немесе өз-өздерін көрсету үшін емес, сырқаттанып қалған таныстарына, мұқтаж адамдарға таратып беру, сол арқылы емделіп кетулеріне көмектесу екендігін айтады.

Шүкір, ел ішінде бір-біріне көмек қолын созған жандар аз емес. Ел үшін қиын-қыстау шақ туғанда қолдау білдіріп, жанашырлық танытқан осындай жандардың арқасында бұл кеселді жеңіп шығарымызға сенім артады.



# Ерікті болу – ерлік

Өз еркімен қоғамға, жергілікті халыққа пайдасын тигізуді көздейтін еріктілердің қатары жыл санап артып келеді. Биыл Волонтер жылы деп жариялануы еріктілер қызметінің жаңа қарқын ала бастағанын айғақтайды. Өткен жылғы деректерге сүйенсек, бүгінде әлем халқының 970 миллионы волонтер болса, оның ішінде әрбір сегізінші қазақстандық еріктілер қатарын толықтырған. Ал, қазіргі пандемия кезеңінде олардың саны күрт асқаны айқын. Өйткені, ғаламтор желілерінде дүниежүзін дүрліктірген дауасыз дертпен күресте еріктілер жүкті жұмыла көтеріп, жеңілдетуге ұмтылып жүрген жазбалар көптеп тарауда. Жүрекке үміт пен мейірім ұялататын осындай жазбаларды көріп-ақ, дүйім дүниеге таралып, Қазақстанды да айналып өтпеген бұл аурудың беті қайтарына сенім үдей түседі.



Қауіпті вируспен күресте, әсіресе, дәрігерлердің еңбегі қаншалықты маңызды екенін үлкен де, кіші де бағамдап үлгерді. Ал, COVID-19 инфекциясына шалдығып жатқан науқастар санының күннен күнге өсуіне байланысты, тіпті, медициналық қызметкерлердің күші де жетпеуде. Осы мақсатта, расында көп адам дерттен бойын аулақ салып, оқшаулануға тырысып жүрген шақта еріктілер ауруханаларды аралап, көмек қолдарын созуда. Бірнеше келі тұратын «оттегі баллондарын әр қабатқа көтеру үшін көмектесуге келдік» деген олар қазіргі шақта дертпен бетпе- бет күресіп, ақ халаттылардың қолқанатына айналған.

Бастапқыда еріктілер штабы Азаматтық орталық жанынан жұмыс жасаған болса, енді облыс әкімдігі жанынан жұмысын жалғастыруда. Азаматтық орталық директоры Әмина Жәрдемқызының айтуынша, аймақ басшысы Махамбет Досмұхамбетовтың тапсырмасымен, ауруханада көмектесіп жүрген волонтерларға жатақханадан орын берілді. Бір көңіл қуантарлығы «Біз біргеміз!» деген ұранмен ұлт болып ұйысып, халық болып қамқор көңілмен қолұштарын созып жатқан волонтерлар қатары спортшылармен де толықты. Олар да ауруханаға келген күннен бастап өлім мен өмір ортасында арпалысып жатқан науқастарға оттегі тасып, күні-түні өз өмірі үшін емес, өзгелерге өмір сыйлап шапқылап жүрді.

Иә, ерікті болу ерлікпен пара-пар. Әдетте жаттанды сөздей естілетін тіркестің мәні бүгінгі жағдайда ақиқатқа айналды.

*«Қауіпті аймақта» волонтер боламын деп мүлдем ойламаппын»* деген атыраулық еріктінің бірі Мира Есниязова өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында баллон тасу ғана емес, мәйітханаға сүйек апаруға да қатысқанын жазған.

*«Волонтерлық жұмысымның жетінші күні дегенде провизорлық орталыққа кірдім. Ауа жетпей қиналып, «кислородқа» тәуелді болып, өңдері бозарып отырғандарды көргенде бір сәтке миым мен жүрегім тоқтап қалғандай болды. Осыған дейін «әншейін ауру» деп жүрген менің түсінігім бір сәтте түбегейлі өзгерді»* деп жазған ол әлеуметтік желіде.

*«Бірде жүректі ауыртар мынадай оқиға болды. Қасымыздағы еріктілердің біріне сыртта тұрған жігіт анасына дәрі әкеліп, соны жеткізіп беруін өтінген. Палатасына барса, анасы жаңа ғана өмірден өтіп кетіпті. Біздің жігіт қолында дәрі, баласына не айтарын білмей қатты қиналды. Естірте алмаймыз, оны естіртетін арнайы мамандар бар. Сыртта үміттеніп баласы күтіп тұр, ақыры оған телефон шалып, «анаңызды басқа палатаға ауыстырған секілді, таба алмадым» деп едім, баласы: «Жаңа ғана дәрігер соқты, анамнан айырылып қалыппын» деп жылап жіберді».*

- Ең алдымен, дәрігерлермен, медқызметкерлермен, еріктілермен сөйлесіп, өзіме бір карта жасадым. Не қажет? Не үшін? Кімдерге? деген сұрақтарға жауап беретін карта. Көмектескісі келетін жандар өте көп. Аллаға шүкір. Бір орталықтандырылған жүйеде жұмыс жасау қажет сияқты көрінді маған. Облыстық ауруханадан бөлек, науқастарды үш аурухана қабылдап жатыр, олар: инфекциялық аурухана, кардиологиялық орталық (БСМП), тубдиспансерлік аурухана. Одан бөлек аудандарымыздағы ауруханаларымыз бар.

Мен барлық еріктілерді, көмек көрсеткісі келетін жандарды бірігуге шақырамын. Яғни, көмек көрсеткісі келетін жандарға менің телефоным үнемі байланыста - 8 775 454 04 90. Біз, қай жерге қандай көмек қажет екендігін айта аламыз. Көмек бәріне тепе-тең жетуі қажет деп ойлаймын, - дейді Әмина Жәрдемқызы.

Жақсылық жасаудың шегі жоқ. Қалай болғанда да, қолдан келген көмегін ұсынуға әзір тұрғандарды көріп, көңіл қуанады. Әмина Жәрдемқызының мәлімдеуінше, кей азаматтар өз еркілерімен хабарласып, тегін такси қызметін ұсынып, дәрі-дәрмек пакеттерін тізімдегі жандарға тасып жүр.

«Алғыс, сауап дегендердің барлығын осы жандардың шынайы тілегін естігенде жүрегіңізбен түсінесіз». Сондықтан, әркімнің үлесі маңызды, - дейді Азаматтық орталық жетекшісі.

**ТҮЙІН**

Міне, ауруханада әншейін белсенді болып көрінгілері келіп емес, адам жанына араша түсуге уақытпен санаспай шапқылап жүрген еріктілерді мылтықсыз майданда көзсіз ерлік көрсетіп жүрген бүгінгі күннің «батырлары» десек, артық айтқандық болмас. Өйткені, олар қазіргі кезеңде ақ халатты жандардың жұмысы қаншалықты ауыр екенін біркісідей көріп, біліп, қолұштарын созуда. Құндылықтар осылай қалыптасады.

## Еріктілер

# Жақсылық жасау - ниеттен



Өңірімізде ізгілікті іспен айналысып жүрген көптеген қайырымдылық қорлары жұмыс жасауда. Соңғы жылдары жастардың бастамасымен олардың саны көбейіп келеді. Солардың қатарында жылыойлық әріптесіміз – **«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Қисымбай кен орнының мұнай-және газ өндіру операторы Алмат Қанатжанов та бар.**

Ағымдағы жылдың ақпан айында ол Дамир деген досымен бірігіп, «Amanat foundation» қайырымдылық қорын құрды. Содан бері қиын жағдайға душар болған адамдарға қолұшын созып келеді. Негізгі мақсат – қарияларға, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, науқас балаларға көмектесіп, жәрдемдесу.

- Біз бұрыннан қайырымдылық шараларға үлесімізді қосып жүргенбіз. Қаржылай көмек, ерікті ретінде көмек көрсетіп келдік. Бір күні «неге қайырымдылық қорын құрмасқа?» деген ой келді, содан бәрі басталды. Алғашқыда, жаңадан құрылғандықтан, халық естімегендіктен, өзіміздің таныстарымыз арасында қаражат жинап, Атырау қаласындағы бір отбасыны 1 айлық тамақпен қамтамасыз еттік. Кейін уақыт өте келе халық біле бастады, қаражат жинау жақсарды, демеушілер пайда болды. Соның арқасында елдегі төтенше жағдай кезінде жалпы 110 отбасыға көмек көрсеттік. Тұрмысы төмен отбасыларға азық-түлік себеттерін алып, есігінің алдына дейін жеткізіп беруді қор еріктілері өз мойындарына алған, - дейді жылыойлық әріптесіміз бізбен әңгімесінде.

Жаңадан жұмысын бастаған қордың қайырымдылық көмектері мұнымен шектелмей, бұдан басқа біраз акцияларды ұйымдастырған. Атап айтсақ, 1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мұқтаж және жағдайы төмен отбасылар балаларына ойын-сауық шараларын өткізіп, балаларды оңалту орталығы тәрбиеленушілеріне көмек көрсетті. Сонымен қатар, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға киім-кешек тарату жәрмеңкесін ұйымдастырып, «Халық» қайырымдылық қорымен бірігіп, облыс орталығының 1000 отбасына көмектесу шарасына қатысты. Бұған қоса, қор еріктілері Атырау қаласы және де аудандардағы ауруханаларға қаржылай, дәрі-дәрмекпен, тамақпен көмек көрсеткен.

Сонымен қатар, қайырымдылық қор мүшелері Атырау облыстық әкімдігінің берген тізіміне сәйкес өзге де жағдайы төмен отбасыларға қолдау көрсетуді дәстүрге айналдырып, халық алғысына бөленуде. Айта кетерлігі, ағымдағы жылдың наурыз айында карантин кезеңінде ембілік, соның ішінде, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ жас мамандары аталған қормен бірігіп, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға азық-түлік алып беруге қолұштарын созып, көмектесуге ниет білдірді.



Бүгінгі таңда қор құрамында 15 ерікті жас бар. Алдағы уақытта жоспарлар саны жетерлік. Жалпы, айта кететін болсақ, концерттік бағдарламалар, түрлі спорттық шаралар және т.б. Бірақ, қазіргі таңдағы пандемия кезеңінде жасауға болатын шараларға – Атырау қаласы және аудандық ауруханаларға көмек көрсетіп, қолдау білдіруге бағыт бұрып отыр. Одан бөлек балалардың церебральды сал ауруы (ДЦП) және аутизмге шалдыққан ерекше балаларға көмек көрсету, ем алуға жәрдемдесіп келеді Карантин уақыты алынғаннан кейін, жоспарда болған барлық шараларды іске асырмақшы.

- Елімізде қайырымдылық қорлары көптеп жұмыс жасауда. Бұл қоғамымызда жақсылық жасауға жаны құмар, мейірімді жандардың көптігін көрсетеді. Дегенмен, бұл, сәйкесінше, көмекке мұқтаж жандар санының да, өкінішке орай, аз еместігін аңғартады. Сондықтан, мен елімізде қайырымдылық қорларының аз болғанын қалаймын. Басты арманым – осы, - деп ойын түйіндеді «Amanat foundation» қайырымдылық қорының негізін қалаушылардың бірі Алмат Қанатжанов.

# Қан тапсырған әр күнім – мен үшін мереке




Қан тапсыру – адамға өмір сыйлауға мүмкіндік беретін сауапты іс. Қанға сұраныс ешқашан азайған емес. Адам өміріне араша түсіп жүрген тұрақты донорлардың қатарында әріптесіміз - **материалдық-техникалық қамту департаменті маркетинг және МТҚ бөлімінің инженері Алтынгүл ТАСБАЕВА** бар.

Бүгінде Алтынгүл – Атыраудағы қан орталығының тұрақты доноры. Ең алғаш рет 2014 жылы қан тапсырған.

- Бастапқыда әріптестеріммен қан тапсыруға бардым. Кейін таныстарыма, достарыма қан қажет болып, тағы тапсырдым. Бір адамның нието науқас жанның өмірін сақтап қалуға септігін тигізетінін көрдім. Бұл мен үшін өте маңызды болды. Сөйтіп, «тұрақты түрде қан тапсырып тұрамын» деп шештім. Адам жанына араша түсу үшін титтей болса да көмегімді тигізу басты ұраным болып сол кезде қалыптасты, - дейді әріптесіміз бізбен әңгімесінде.

Алтынгүл Тасбаева облыс орталығындағы қан орталығына жылына екі рет барып тұрады. Әр барған сайын, шамамен, 450 мл қан тапсырады. Оның айтуынша, тұрақты түрде қан тапсырып тұрғаннан денсаулығы нашарлаған емес, керісінше өзін жақсы сезінеді.

- Жалпы, бүгінге дейін нақты қанша литр қан тапсырғанымды білмеймін. Уақытылы барып, тексеріліп, көмегімді тигіземін. Қан тапсырар алдында майлы, ащы тамақ жемеймін, зиян әрі қан қоюланып кетеді. Көбірек сұйық ішемін. Сөйтіп, алдын ала дайындалып барамын. Қан тапсырғаннан кейін бойымда әлсіздік те байқалмайды, - дейді ол.

Алтынгүлдің әкесінің қанының тобы өте сирек кездеседі. Әріптесіміз әкесінің де жас жас шамасына байланысты мүмкіндігінше қан тапсыруға тырысып тұратынын айтады. «Әке көрген оқ жонар» демекші, бұл игі іс те – Алтынгүлдің әкесінен жастайынан алған тәлімінің айқын айғағы.

Орталықтың тұрақты донорлары тізіміне енгендіктен, кейде шұғыл қан қажет болып қалған жағдайда медициналық мекеме қызметкерлері өздері хабарласатын кездер де болады.

- Карантин кезінде қан орталығынан қызметкерлер хабарласып, анализ тапсырып кетуімді сұрады, - дейді ол. - Жыл сайын тексеріс үшін анализ тапсыратынбыз. Барғанымда қазіргі таңда науқастардың көбеюіне байланысты қан тапсыруымды өтінді. Қарсылық білдірмедім. Әлдекімге көмегіміз тиіп жатса, нұр үстіне нұр емес пе?! Сондықтан, қан тапсыруға қорқатын жандарға айтарым: донор болудың еш қиындығы жоқ және бұл қауіпсіз. Қан тапсыру тек науқастарға ғана емес, донорлардың өзіне де ағзаны жаңартуға көмектеседі. Денің сау болса, қан өткізіп тұрған дұрыс әрі пайдалы.

## Руханият

# Ембілік мұнайшы музейге мыңжылдық тарихы бар жәдігерлер тарту етті

Жан-жақты талантты азаматты сипаттау мақсатында қолданылатын «Сегіз қырлы бір сырлы» тіркесі ембілік Рауан Сабировқа дәл арналып айтылғандай. Жуырда **«Ембімұнайгаз» АҚ жаңа техника және технологиялар департаментінің директоры Р.Сабировтың** бала кезден жинаған құнды жәдігерлері «Хан Ордалы Сарайшық» мұражай кешенін толықтырды.

28 шілде күні бірегей кешенге ондаған археологиялық жәдігер тапсырылды. Музей кешені қызметкерлерінің айтуынша, олардың басым көпшілігі сармат дәуіріне жатады. Сарматтар – б.з.д. IV-VI ғғ. Орал мен Дунай аралығын мекендеген тайпалар. Ежелгі тас дәуіріне жататын бұл кезеңдегі жәдігерлер ішінде – бірнеше қола жебе, ойылған таңбалар бейнеленген қыш ыдыс бар. Музей кешені қызметкерлерінің айтуынша, мұндай қазыналар далада құм көшкіні болғаннан кейін жиі кездеседі. Сарматтық ақсүйектер өкілдері о дүниеге аттанғанда, аттары, қару-жарағы және т.б. қолданған тұрмыстық заттарымен бірге жерленген.

- Бала кезімде Қызылқоға құмдарынан біз көптеген заттарды табатынбыз. Кейін бұлар туралы тарих кітаптарынан оқып жүрдік. Тіпті балалар тауып алған жебелерді қолдан жасалған садаққа қадап, ойнап жүрген кездері де болды. Тарихқа деген қызығушылығымды қалыптастырған, сыры кетсе де, сыны кетпеген мұндай құнды қазыналар ауылдағы үйде көп болды. Осыдан бірнеше ай бұрын осы музейге келгенімде жәдігерлердің көпшілігін Елордадағы мұражайға алып кеткенін естіп, үйдегі коллекциямды қазақстандықтар мен ел қонақтары көптеп келетін осы музей кешеніне тапсыруға шешім қабылдадым, - дейді Рауан Сабиров.

Музей кешені қызметкерлерінің айтуынша, мұндай үлкен сыйлық, әсіресе сармат дәуіріндегі жәдігерлер – олар үшін сирек кездесетін қазына. Бұдан басқа музей түркі тектес және қазақтың қолданбалы мәдениетінің жәдігерлерімен толықтырылды. Тағы бір құнды сыйлық - мұражай кешенінің аумағында киіз үйді безендіруге арналған түлкі терісі.

Кордың жетекшісінің мәлімдеуінше, бұған дейін терілерді ауыл адамдарынан уақытша алып келген. Айта кетейік, Рауан Сабиров мұражайға тарту еткен түлкі терісі – әріптесіміздің тағы бір шебер қыры – аң аулау кезінде алған олжасы.



Тағы бір айта кетерлігі, Р.Сабировтың бала кезден геология саласына да қызығушылығы артып, тарихи геологиялық карталардың, асыл тастар мен минералдардың коллекциясын жинақтады. Осы коллекциялар Ембінің бас кеңсесінде бай көне тарихтан сыр шертетін мұражай ашуға мұрындық болды.

Еңбек демалысының соңғы күндері талантты ембілік Рауан Сабиров өзі ұйымдастырған экологиялық экспедицияға аттанды. Бұл сапар туралы алда хабарлайтын боламыз.

**АНЫҚТАМА:**

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е.Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, ***blog_emg@emg.kmgep.kz*** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.
**Меншік иесі:** «Ембімұнайгаз» АҚ
**Шығарушы:** қоғаммен байланыс қызметі
**Бас редактор:** А. Ертлеуова
Газет айына 2 рет шығады.
**Таралымы – 3500 дана**
**Редакцияның мекен-жайы:**
Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.
**Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:**
Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177. L.Suleimenova@emg.kmgep.kz
Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121. G.Karajanova@emg.kmgep.kz
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309 A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

**Редакциялық кеңес:**
Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;
С.Нақпаев - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;
Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;
Ж.Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары;
Л.Сүлейменова - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

**Баспахана:**
«Ақ Жайық» ЖШС
Мекен-жайы: Атырау қ, Балғымбаев к., 71А
Байланыс телефондары: 27-23-37

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

*Құпиялылыққа кепілдік беріледі.*
*«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі.*